



37.017.924

ҰЛТ ДҮНИЕТАНЫМЫ МЕН ТӘРБИЕНІҢ САБАҚТАСТЫҒЫ

Сапарбайқызы Шолпан

*Педагогика ғылымдарының кандидаты,
қауымдаст. профессор м.а Ш.Есенов
атындағы Каспий технологиялар және
инжиниринг университеті, Қазақстан*

Бүгінгі күнің әлемдік деңгейдегі өзекті мәселелерінің бірі дін екені даусыз. Оның адамзат тарихының жадына тиеселі кезеңдерді толық қамтып, қазірдің өзінде де қоғамдық өмірдің негізгі қалыптастырушы факторларының бірі болып отыр. Діннің халық өміріндегі алатын орнының маңыздылығы соншалықты, белгілі бір діннің негізін түсінбей жатып сол дінді ұстанатын халықтың дүниетанымы туралы толық көзқарас қалыптастыру мүмкін емес. Дін - қоғамдағы ең маңызды, руханият әле-міндегі өзекті, психология ғылымында әліде зерттеу қажет ететін күрделі мәселе деп санауға болады. Адамзат жер бетінде пайда болғаннан бастап діни ұғым бірге дүниеге келді. Яғни, кез-келген адамның интелктісі, рухани деңгейі, материалдық жағдайы қандай деңгейде болмасын, белгі сеніммен өмір сүрері анық. Бұл сенімнің негізі діни ұстанымға тіреледі. Яғни, дін адамдардың сенімін, көзқарасын білдіретін пікірлер мен ойлардың, ұста-нымдардың өзара тұтастығы. Қысқаша түрде дін туралы ғалымдардың тұжырымдарына сиаптма жасап өтсек. «Дін» термині «religio» деген латын сөзінен шыққан. Орыс тілінде «религия» ұғымы XVIII ғасырда енген. Этимологиялық бастапқы мәнінің өзі де «біріктіру», «байланыстыру», «қатынасты қалыптастыру» дегенді білдіреді.

Дінге берілген сан алуан анықтамалар бар. Арнайы оқулықтарда: «Дін адамды туралық пен әдемілікке жетелейтін жол», «дін – адамды өз жаратылысына сай жетілдіретін ілім», «дін - адам өмірін тәртіпке келтіретін жүйе», «дін адамды шындыққа жеткізетін жарық», «дін - дүние мен ақыретке бақытты болу жолдарын көрсететін ережелер мен қағидалар жинағы», дін құдайлық ережелер мен соларға сүйенген әдеттердің жиынтығы т.б.» [1.8] - деп беріледі. Сонымен қатар, Философ Ф. Есім басқарған автор-лық оқулықта: «Дін адам мен мінсіз болмыстың (Алланың, жаратушының) табиғи байланысы туралы сана. Ғылымның қуаты жаратылыстың барлығын, оның кереметтілігін дәлелдеу. Ал, сол жаратылысты жаратқан жаратушы туралы сана ол дін. Осы тұрғыдан ғылым мен дін жаратылыс мәселесінде түйіседі» [2.10-11], - делінген.



Әуел баста, біздің заманымызға дейін өмір сүрген Цицерон (б.з.д. 105 – 43) «De Natura Deorum» (Тәңірлердің жағдайы) атты кітабында «religio» ұғымын түсіндіруде латынның «relegere» – «кері қайту», «қайта оқу», «ойлану», «байқау», «қорқу» – деген сөздерін пайдаланған. Кейінірек, құдайдан қорқу немесе тәңірлермен байланысты болу мағынасында қол-даныла бастады. Сондықтан ол: «религия дегеніміз Құдайдан қорқу, оған тағзым ету жолдарын өте тиянақты ойластыру», – деп тұжырымдады.

Ал Лактанция (250-325 жж.) «религия» ұғымы латынның «religare» – «алу», «байлау», «матау» – деген сөзінен шыққан деп есептеді. Сөздің түбірі «liga» – «байланыс», яғни рухани байланыс дегенді білдіреді. Сондықтан, «религия дегеніміз Құдай мен адам арасындағы байланыс, адамның Құдайға тақуалықпен бойұсынуы», – деп түсіндірді.

XVIII ғасырда өмір сүрген батыс ғалымдардың дін туралы анықтама пікіріне тоқталып өтсек Ағылшын философы Г.Спенсер социологиялық дәлелдерге сүйене отырып, «...өмірдегі қорқыныштардың дінде ерекше рөл атқарғанын дәлел ретінде көрсетеді. Бұл қорқу аталарға табынуға, оларға құлшылық ету мен басқа да құлшылық түрлерінің шығуына, сондай-ақ тәңірлердің қаһарман аталардан шыққанын негіздейді» деп тоқталса бұған З. Фрейдтің психологиялық тұжырымдамасында діннің негізінде айып, күнә сезімі жатқанын былай деп ұсынған «Алғашқы қауымдық қоғамда ру көсемдері барлық әйелдерді өзіне алғандықтан, ұлдары оларды өлтірген. Содан кейін бұл ісіне өкінген ұлдары адамды өлтіруге және жақын туысқа үйленуге тыйым («табу») салған. Өлтірілген әке болса, тотемдік хайуанға айналады. Оларды еске алу және өздерін күнәлі сезіну, кейінірек әкенің құдай бейнесіне айналуына негіз болды. Бұл алғашқы дін тотемизмнің негізін салды, – деген тұжырымдаманы Фрейд осылай алға тартады. Тотемизммен қатар магия дініде болатын осыған Фрэзердің преанимистикалық тұжырымдамасында өзінің ой пікірінде магияны діннің алғашқы нысаны ретінде алады. Ол магияның шығуын адамдардың тәжірибелік қажеттілігімен түсіндіреді. Дж.Фрэзер: «Адамдар қоршаған ортаға тәуелді болып, өз жағдайларын жақсарту мақсатымен оған әсер ету мүмкіндіктерін іздеді» және «ойлардың әртүрлі бағытқа бөлінуі тек қана дін әлемінен басқа ешбір нәрсеге тән емес», - дейді. Ал Дюркгейм анықтамасында «...сенетіндерде рухани бір күш бар, ол – қоғам», «дін – адамдарды ортақ құндылықтары мен мақсаттары арқылы біріктіретін жалғыз нәрсе. Дін – әлеуметтік топ қатысатын ұжымдық іс-әрекет. Шіркеу бұл діннің негізінде пайда болатын адамдардың кез-келген ұжымы», – десе Неміс



классикалық философиясының өкілі Иммануил Канттың көзқарасы бойынша, қоғамда абсолютті және мәңгі мораль заңы бар.

Неге ар-ұждан адамды осыншама билейді? Өйткен, Құдай бар деп тұжырымдайды [3].

Әлемдік діндердің ең соңғысы - Ислам діні ортағасырлық Араб халқын ұйыстыруға, жаңа саяси құрылым «халифаттың» орнығуына, біртұтас ел қалыптастыруға, әлемде «мұсылман үмбеті» деп аталатын жаңа қауымның түзілуінде маңызды факторға айналды. Осы тұрғыда қарасақ, Ислам мен түркі халқының географиялық тіршілік мекендерінің табиғи ерекшеліктері мен қоныстану түрлерінің ұқсастығы, ділдің үндестігі, шөлейт жерлердегі көшпенділік өмір, бір құдайлық түсінік, гуманизмге негізделген адамгершілік т.б. қасиеттер арқылы дін мен дүниетанымның сабақтастығын көреміз.

Яғни, дін адамдардың бірлестігін және ұйымдастығын қалыптастырушы идеологиялық механизм болып отыр. Оның негізі – сенім. Ал, дін сенімге негізделеді. Шынайы сену (жаратушыға) және оны тану арқылы адамның өзін-өзі тануы - ортағасырлық мәдениеттің басты идеясы болды. Ол кезде нағыз ақиқат боп есептелетін жаратушыға жүрегімен сенушілік орта-ғасырлық адамдардың дүниетанымын, философиялық, этикалық, эстетика-ағарту-шылық нормалары мен әлем туралы ғылыми түсініктер жүйесін қалыптастырғаны мәлім. Адамзаттың бойындағы осы басты қасиеттер сенім мен наным дін мен дүниетаным сабақтастығын туғызды.

Дүниетанымның ең негізгі ұғымы – дүние, ол араб тілінің өмір, тіршілік деген мағынасын береді. Ал, «таным» қоршаған ортадағы материалдық шындықтың адам санасында бейнеленуін білдіретін философиялық ұғым. «Дүниеге көзқарас адам қоғамымен бірге пайда болған тарихи құбылыс» [4.7].

Таным - әр қырынан алып қарауға болатын және кең және тар мағынадағы түсініктері бар күрделі ұғым. Таным әрекеті қажеттілік арқылы жүзеге асады. Дені сау адамда таным қажеттілігі бар, өзінің өмірлік және рухани қажеттілігін өтеу үшін адам дүниені танып білгісі келеді. Сезім мүшелеріміз арқылы көру, сезіну, түйсіну нәтижесінде біз қоршаған дүние заттарының мәнін танып білеміз, сезім мүшелері арқылы қабылданған дүние туралы мәліметтерді ғылым жетістігімен байланыстырғанда ғана білім молы-ғып қалыптасады.

Осы орайда айтпағымыз, қазақ халқыныңда бүгінге жеткен діни ұстанымдарында көне түріктік наным–сенімдердің элементтері жинақталған. Алғашқы діни сенімдер мен діндердің (тәңіршілдік, зорастрим, шаманизм т.б.)



қазақ даласында болғандығы, тәңіршілдіктің пайда болуы мен қалып-тасуы, оның дүниетанымдық көріністері ғылыми еңбектерде талқылануда.

Тәңіршілдік сенімі өте көне дәуірлерде қазақ даласында және қазіргі Алтай аймағында пайда болды делінеді. Бірақ нақты қашан пайда болғандығы беймәлім, бұны сақтар мен ғұндардың мойындағандығы тарихтан белгілі болып отыр. Ғұндар б.э.б. бірінші мыңжылдықтарда Алтайды мекендеп, Қытаймен көрші тұрғандықтан, бұл сенім б.э.б. 5 ғасырлардағы көне Қытайда пайда болған конфуциандық дінге ұқсас. Мәселен, аспанға табыну, әдет-ғұрыпты сақтау сияқты элементтер екі сенім-ге де ортақ. Тәңіршілдік негізінен аспанға, көкке табынатын болғандықтан, негізгі құдайы – Тәңір, Көк Тәңірі деп аталады. Тәңір сөзінің шығу тегін, яғни, этимологиясын түсіндірушілердің пікірлері әр түрлі; Тәңір – «таң нұры», «таң інірі» деген сөзден шыққан; «Денгир» деген Авеста кітабындағы тұлғамен байланысты т.б. Тәңіршілдік сенімінің аңыздарында ол әлемнен кейінгі және жүйесіз әлемдік, ғарыштық хаосты реттеуші қызмет атқарады. Бұл сенім шамамен б.э.б. мыңыншы жылдардан бастап пайда болғанмен, кейіннен шаманизм, зорастринизм, христиан, буддизм, ислам сияқты діндермен ассимиляцияға түскен. Мысалы б.э. 5-7 ғасырларындағы көне түркі жазба ескерткіштерінде тәңіршілдік сенімінің элементтері айтарлықтай кездеседі: «Жоғарыда көк тәңірі, төменде қара жер жаралғанда, ортасында адам баласы пайда болған екен» деген жолдар осының айғағы. Қазіргі кездегі бір ғана құдайға сенетін монотеистік діннің пайда болуына дейін оның бастапқы нышандары осыдан жүздеген мың жылдар бұрын қалыптасқан.

Көне түріктік наным–сенімдер (көктің, таудың, жердің, судың, төрт түліктің т.б. иелері бар деп сеніп, құрбандық шалу) элементтерінің әлі күнге дейін қазақтардың діни санасында бейнеленетіндігін өзіндік уникалды феномен ретінде қарастыратын болсақ, ұлттық менталитетке деген қызығушылығымызды арттыра түседі. «Оң Білге Бегіне (өлген қағанға) көңіл айту үшін кетті», – деп жазады. Демек, көңіл айту дәстүріміз де біздің дәуірімізге дейінгі 200 жыл бұрын қалыптасқан. Ата-бабаларымыздың аруағына арнап құрбандық шалу да сондай көктүрік заманынан келе жатқан дәстүр [5]. Бүгінгі таңда да қазақтардың бата бергенде «тәңір жарылқасын», «құтты болсын» сөз тіркесін қолданатындығын, иіс шығарып, «жеті нан» тарататынын айтсақ та жеткілікті. Балаға ат қою дәстүрінде Айға, Жұл-дызға, Күнге, Гүлге қатысты есімдердің әлі күнге дейін сақталуы да көне түріктік діни сенімнің тізбесінен орын алады. Өлгенге көңіл айту, жылап көрісу, бата оқу



сияқты дәстүрлеріміз де бір кезде белгілі бір діни наным-сеніммен пайда болғанымен, қазір о бастағы функциясы өзгеріп, ұлттық дәстүр салтқа айналған. Зертеушілер бұны қазіргі көрші түркі тектес исламдық дәстүрлер мықтап сақталған халықтарда аз кездесетінін айтады. Мәселен, қуанып, шашу шашу, келген келінге тумаларын таныстырып бет ашу, дүниеге келген баланы тұзды суға шомылдырып, ат қою, шілдехана жасау, қырқынан шығарып (бала бойында қырық күннен кейін иммунитет пайда болатынын медицина жоққа шығармайды), шашын алу, тұсауын кесіп, сүндеттеу т.б.

Қазақ халқының дүниетанымы түркі заманынан бері әлеуметтік өмірдегі тәжірибелер эволюциялары уақыт өте қанға сіңіп, ұлт бойындағы архитипке айналып және байтақ жерде тұрмыс кешіп, дала өркениетімен тұтастықта қалыптасып отыр. Көне кезеңнен басталып тарихта хатталып келе жатқан әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлер бірнеше діни сенімдер мен нанымдардың субстратын жинақтады.

Сонымен, дүниетаным - объективті дүниеге және ондағы адамның алатын орнына, өзін қоршаған шындыққа және өзіне қатынасы туралы көзқарастар жүйесі, сонымен қатар осы көзқарастарға тәуелді адамдардың өмірлік позициясын, олардың сенімдері, мұраттары, таным және іс-әрекет принциптері, құндылық бағдары. Шындығында, дүниетанымның басты категориясы ретінде, “дүние” мен “адам” алынады, өйткені, әлемді танушы адам. Дүниетанымды зерттеудің ғылыми-әдіснамалық негізі-диалектикалық философия. Дүниеге философиялық көзқарас – дүниетанымның ең жоғарғы сатысы. Сол ілімге сүйене отырып, ұлттық дүниетанымды зерттеуде табиғат, адам және қоғам тұтастығына негізделген диалектикалық, объективті дүниені танудың, ғылым мен білім дамуының және тәрбие заңдылықтары басшылыққа алынады.

Зерттеуші М.Орынбеков “Нақты бірлестіктің қызметіне араласқан индивидтердің өздерінің өмір сүру әрекеттерінің мәні, нысаналы мақсаттары, мінез-құлықтарының бағдарлары мен өлшемдері болады” – деген пікірі жоғары айтқан ойымызды нақтылай түседі. Әр адамның айналасын қоршаған дүние жайлы ұғым-түсініктерінің жоғарғы сапасы-сенім, жеке тұлғалардың алдында тұрған мұрат, мақсаттарының дұрыс-бұрыстығы да сенім деңгейлеріне байланысты, оларды іс-жүзіне асыру ауқымы да әр жеке адамның қабілет-бейімділік көлемімен сипатталынады. Өйткені, дүниетаным ақиқатты рухани практикалық тұрғыдан игеру жүйесі. Соның ішінде білім мен сенім жиынтығы адамдардың адамгершілік мұраттары мен әлеуметтік



мінез-құлық реттегіштері, саяси бағдарлар, қоршаған ортаға деген психологиялық және эстетикалық көзқарас, дүниені түсіну және дүниені өзгерту дүниетаным түсінігінен қуат алады. “Дүниетаным жеке адам және оның қоғамдағы орны, сана-сезімдік қалпы жайлы ұғымдарының жиынтығы, дүниенің біртұтастығын түсіну нәтижесі болып табылады” – деп жазады [6].

Философ Д.Кішібеков өзінің “Қазақ менталитеті: кеше, бүгін, ертең” деген еңбегінде “Қазақ халқының дүниетанымдық менталитетін сипаттаған”. Ғалым қазақ халқының діни сенімдерін, ырымдары мен танымдарын, жыл қайыру және мал бағудан туындаған астрономиялық көзқарастарын, сынықшылдық қасиеттерін, сәндік, ою, өрнек өнерін терең талдап, қазақтың дүниетанымының даму эволюциясы және салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, тілі, ойын-сауығы, мінез-құлқының дамуының табиғи жағдайларымен байла-ныстылығын көрсетеді.

Соңғы кездерде ұлттық дүниетанымымызбен (дәстүріміз) дінімізді бір-біріне қарама-қайшы қою үрдістері жиі кездесіп қалады. Әр халықтың жоғарыда айтып өткеніміздей ғасырлар бойы қалыптасқан өз ерекшелігі мен артықшылығы, діни наным, сеніммен қабысып кеткен дүниетанымы, ұлттық дәстүрі бар. Ол туралы философ-ғалымдар І.Ерғалиев пен Ғ.Телібаев өз еңбектерінде ұлттық дүниетаным туралы: “...Адамның дүниемен байланысы, оны тануы белгілі ұлттық жағдайда қалыптасқандықтан, дүниетанымның ұлттық белгілері болады”–дейді. Ежелгі қазақ дүние-танымының түрлеріне астрономиялық болжамдар мен тыйым сөздер, мақал-мәтелдер, жырлар, дастандар, аңыздар, ертегілер, термелер, жоқтау-ларды да жатқызады. Ә.Нысанбаев “Дүниетаным сананың ядросы болып табылады, ол қоршаған орта құбылыстарын қабылдауымызға көмектесетін призма тәрізді” – дейді [7].

Британдық антрополог Бронислав Малиновскийдің пікірінше, егер мифті мағына, мән ретінде қарасаң, онда ол адамның мынадай мұқтаждық-тарын істей алады: біріншіден, ғылыми қызығушылығын қанағаттандырады; екіншіден, адамның рухани сұранысын өтейді; үшіншіден, қоғамдық тәртіп-тің талаптарын орнықтыра алады, төртіншіден, практикалық өмірге де қолайлы.

Ғалымдардың пікірінше, ата-бабадан жеткен кез келген діни сана мен әдет-ғұрыптардың бойында тұлғалық идентификация сақталған. Мұны «бабалардың өсиеті» деп атасақ та болады. Себебі, дәстүрді білген, қолданған адам ата-бабалары сияқты мағыналы өмір сүре алады. АҚШ -тағы Вашингтон университетінің профессоры, ирандық ғалым Саид Хусейн Насер «Білім мен кие» деген кітабында салт-дәстүр, әдет-ғұрып, құт-береке ұғымдарын былайша



тарқатады: «Әу баста «кие», «сакраль» деген ұғымдар білімнің ажырамас бөлігі еді. Адамдар кие мен қасиетті ертегіге балап, немқұрайлы қарай бастады. Соның себебінен ол екеуі бір- бірінен мүлдем жырақтап кетті. Әсіресе, қазіргі модернизация дәуірінде білімде бұрынғыдай кие қалмады. Жұрт кие мен құтқа қатысты сенімдерін жоғалтқан сайын әлемге, табиғатқа тамсанып, ләззат алатын халінен айрылды. Саид Хусейн Насердің осыған орай айтқан пікірлерін келтіре кетейік. «Адам ақиқатты сүйіп, өмірден мән-мағына іздеген сайын кие оның жүрегіне сіңе береді. Шындықты өміріне серік еткен адам кие мен құдірет дарыған зиялы кісіге айналады. Біздің заманның адамдары кие мен құтқа селқос қарағандықтан, өз бойынан кемел қасиеттерін таба алмайды. Білім талап қылған адам оның киесін де игеруді мақсат тұтсын. Сонда ғана ол адам өмірі өлмейтін құндылық жасап шығарады. Киеге күле қарап, білімге ғана басымдылық бергендер салт-дәстүрдің шарапатын терең түсінбейді» - дейді [8].

Салт-дәстүрді терең меңгерген тұлғаның тағы бір артықшылығы болады. Оның бойында кез келген мәдени экспансияға қарсы тұратын рухани иммунитет қалыптасады. Заманына қарай үнемі құбылып тұратын саяси идеологияның қыспағына да төтеп бере алады. Ирандық ғалымның осы пікірі біз үшін өте құнды. Қорыта айтатын болсақ, дін дегенді ежелден келе жатқан ұлттық дәстүрлерден бас тарту деп түсінбегеніміз дұрыс. Жеті атаға дейін қыз алыспау, жасы үлкен адам өлгенде жыртис жыртып, тәбәрік беру, ұлыстың ұлы күнін тойлау сияқты, әулиелерге сыйыну, қайтқан адамың қаделерін және ас беруді, рухына арнап құран оқуды қазақ халқы ислам дініне мойынсұну арқылы, нақтылап айтқанда қазақ дүниетанымы мен ислам дінінің сабақтастығы арқылы жүзеге асырады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Кенжетаев Д., Асқаров Н., Сайлыбаев Ә., Тұяқбаев Ә. Дінтану. Жалпы білім беретін орта мектептің 9 сыныбына арналған оқулық. – Астана: «Арман-ПВ», 2010. – 240 б.
2. Есім Ғ. Дінтану. Жалпы білім беретін орта мектепке арналған оқулық. – Астана, 2010. - 241 б.
3. Артемьев А.И. Дінтану: жалпы дінтану негіздері. Алматы, 2010. 600. 21 б. Филоософия. Алматы: «Рауан» 1991. 317.б.
4. Баһаддин Өгел «Ұлы хұн империясының тарихы» кітабында (Алматы, «Хант», 1998, 2-том, 331 б.
5. Орынбеков М. Предфилософияпродказахов. Алматы, 1994. 208 с.
6. Аташ Б.М. Философия: оқу құралы.-Алматы, 2011.-320 б.
7. Салт-дәстүр сөйлейді. Отбасы хрестоматиясы. -Алматы :Орхон Баспа үйі,- 2014. 288 б.